

## 15. АХАУ, КЕРІМ

Орындаған Манарбек Ержанов

### Орташа, тербелге

Дә - йім ме - нің мін - ге - нім сал кү - ре - нім,  
 Қыз - дыа - уыл - да қы - ды - рып көп жү - ре - мін, ей,  
 Та - ба - ны - ңа қа - дал - ған жал - ғыз ті - кен, Маң - да - йы - ма  
 қа - дал - сын деп жү - ре - мін, ей. А - хау, бо - зым, Мөл - дір кө - зім.  
 Құ - ла - ғым - нан кет - пей - ді, Айт - қан сө - зің, ей.

Дәйім менің мінгенім,  
 Қызды ауылда қыдырып көп  
 жүремін.

Табаныңа қадалған жалғыз тікен,  
 Маңдайыма қадалсын деп жүремін.

#### Қайырмасы:

Ахау, бозым,  
 Мөлдір көзім.  
 Құлағымнан кетпейді,  
 Айтқан сөзің.

Биік таудың басында бір топ мия,  
 Керкекілге мінемін жылқы жия.  
 Келу оңай болғанда, қайту қиын,  
 Кете алмаймын қалқаны көзім қия.

#### Қайырмасы:

Ахау, сарым,  
 Сәуле жаным.  
 Сағынғанда қайда едің,  
 Ғашық жарым.